

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 30 шілдедегі № 92-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2018 жылғы 30 шілдедегі
№ 92-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/ с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен қабылдануына жауапты адам

1	2	3	4	5	6
1.	"Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ІІМ	2018 жылғы тамыз	Б . Б . Бисенқұлов
2.	"Республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 587 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ҰҚК (келісім бойынша)	(2018 жылғы тамыз	Н . Д . Білісбеков
3.	"Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары лауазымдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі Жарлығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ІІМ	2018 жылғы тамыз	Б . Б . Бисенқұлов
4.	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаменті, қалалық, аудандық, қаладағы аудандық полиция органы бастығының және учаскелік полиция инспекторының халық алдындағы есеп берулерін ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ	2018 жылғы тамыз	Е . З . Тұрғымбаев
5.	Үкіметтің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ	2018 жылғы тамыз	Б . Б . Бисенқұлов
6.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ	2018 жылғы тамыз	Е . З . Тұрғымбаев
7.	Қазақстан Республикасы прокуратурасы органдары жүйесінің конкурстық негізде орналасатын басшы лауазымдары тізбесін және жоғары тұрған басшы лауазымдарға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	БП (келісім бойынша)	2018 жылғы қыркүйек	А.И. Лукин
8.	Конкурстық негізде орналасатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтегі басшы лауазымдар тізбесін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте жоғары тұрған басшы лауазымдарға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	МҚІСҚА (келісім бойынша)	(2018 жылғы қыркүйек	С . Қ . Ахметжанов
9.	Конкурстық негізде орналасатын Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы басшы лауазымдар тізбесін және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы	бұйрық	ІІМ		

	жоғары тұрған басшы лауазымдарға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы			2018 жылғы қыркүйек	Б . Б . Бисенқұлов
10	Конкурстық негізде орналасатын мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріндегі (экономикалық тергеу қызметтегі) басшы лауазымдар тізбесін және мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінде (экономикалық тергеу қызметі) жоғары тұрған басшы лауазымдарға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	Қаржымині	2018 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
11	Арнайы үй-жайлардың ішкі тәртібінің үлгілік қағидаларын және Арнайы үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	ІІМ	2018 жылғы қыркүйек	Е . З . Тұрғымбаев
12	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	ІІМ	2018 жылғы қыркүйек	Е . З . Тұрғымбаев
13	"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	бұйрық	ІІМ	2018 жылғы қыркүйек	Б . Б . Бисенқұлов
14	"Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінде (экономикалық тергеу қызметі) қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 498 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	Қаржымині	2018 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
15	"Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	бұйрық	ІІМ	2018 жылғы қыркүйек	Е . З . Тұрғымбаев
16	"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 432 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	бұйрық	ІІМ	2018 жылғы қыркүйек	Б . Б . Бисенқұлов
17	"Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлерін лауазымдарға тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 979 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	бұйрық	ІІМ	2018 жылғы қыркүйек	Б . Б . Бисенқұлов

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

МҚІСҚА - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

ІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК